ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 14 қыркүйек №5265-23-00-2/2044 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (әрі қарай – Орталық, ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталық» МКК)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Ернар Асқарұлы Түрсынбай (әрі қарай- ЖК Е.Түрсынбай)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталық» МКК-ның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Ернар Асқарұлы Түрсынбай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Ернар Асқарұлы Түрсынбай (ЖСН 971 022 300 559) ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталық» МКК-ның пайдасына тұрақсыздық айыппұл 25 080 (жиырма бес мың сексен) теңге, мемлекеттік баж салығы 752 (жеті жүз елу екі) теңге өндірілсін.

Документ подписан: Жолбарыс Г. Ж., 14.09.2023
Дата вступления в законную силу: 24.10.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 24.10.2023
5265-23-3-1/2281

ЖК Ернар Асқарұлы Түрсынбай (ЖСН 971 022 300 559) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Документ подписан: Жолбарыс Г. Ж., 14.09.2023

Дата вступления в законную силу: 24.10.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 24.10.2023

5265-23-3-1/2281